



Құрметті студент!

2018 жылы «Ауылшаруашылығы ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080200	«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	1. Микробиология 2. Биохимия 3. Ауыл шаруашылық жануарларын азықтандыру 4. Ауыл шаруашылық жануарларын іріктеу және өсіру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Микробиология
 2. Биохимия
 3. Ауыл шаруашылық жануарларын азықтандыру
 4. Ауыл шаруашылық жануарларын іріктеу және өсіру
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Микробиология

1. Бактерия торшаларының қабықша құрамының жоғарғы сатыдағы өсімдіктермен салыстырғанда айырмашылығы:

- A) Минералды заттардан тұрады
- B) Дәрумендерден тұрады
- C) Полисахаридтерден тұрады
- D) Металдардан тұрады
- E) Липоидтардан тұрады
- F) Күкірттен тұрады

2. Талшықты бактериялар топтары:

- A) Пили
- B) Хламидиялар
- C) Амфитрихтар
- D) Амебалар
- E) Перитрихтар

3. Консистенциясы бойынша қоректік орталардың түрлері:

- A) Дифференциальді
- B) Қоймалжың
- C) Элективті
- D) Жасанды
- E) Сұйық

4. Вирустардың репродукция сатылары:

- A) Адсорбция
- B) Лаг-фаза
- C) Метафаза
- D) Морфогенез
- E) Молдинг
- F) Торшадан шығу

5. Микроағзаларға сыртқы орта факторларының әсері:

- A) Климаттық
- B) Физиологиялық
- C) Химиялық
- D) Физикалық
- E) Құбылысты
- F) Өмірлік

6. Қоректік заттардың микроб торшасына ену жолдары:

- A) Белсенді тасымалдау
- B) Галозойлы
- C) Анаэробты
- D) Гетеротрофты
- E) Адсорбция
- F) Фагоцитоз
- G) Репликация

7. Клетка құрамына кіретін органикалық заттар:

- A) нуклеин қышқылдары
- B) марганец
- C) калий
- D) бор
- E) көмірсулар
- F) белоктар

8. Зат алмасу процесі:

- A) плазмолиз
- B) плазмолитиз
- C) фосфоролиз
- D) ассимиляция
- E) дегидрогеназа

9. Жарық көзін қолданылатын бактерия топтары:

- A) Хемоорганотрофтар
- B) Фототрофтар
- C) Психрофилдер
- D) Фотолитоавтотрофтар
- E) Фотоорганогетеротрофтар

10. Гомоферментативті сүтқышқыл ашуды жүзеге асыратын бактериялар:

- A) *Bacillus cereus*
- B) *Staphylococcus aureus*
- C) *Streptococcus lactis*
- D) *Streptococcus faecalis*
- E) *Salmonella* бактериялары
- F) *Streptococcus cremoris*
- G) *Escherichia* бактериялары

11. Clostridium botulinum морфологиялық ерекшеліктері:

- A) Аэроб
- B) Кокк пішінді
- C) Спора түзеді
- D) Монотрих
- E) Ірі таяқша тәрізді бактериялар

12. Арнайы қоректік орталар:

- A) Селенит сорпасы
- B) Қанды агар
- C) Левин
- D) ЕПЖ
- E) ЕПБС (ет-пептонды бауыр сорпасы)
- F) Хоттингер сорпасы
- G) ЕПС

13. Прокариоттарға тән:

- A) Пептидогликан- муреиннің жоқ болуы
- B) ДНҚ ядрода орналасуы
- C) Ядросының жетілмеуі
- D) Нуклеотиттің болуы
- E) Митохондрияның болуы
- F) Пептидогликан- муреиннің болуы

14. Денитрификациялаушы бактериялардың тіршілік әрекеті:

- A) сүтте
- B) топырақта
- C) спиртте
- D) етте
- E) шарапта
- F) азық-түліктерде

15. Қан тамырлары арқылы тасымалданатын микроорганизмдердің тудыратын инфекциялық процесі:

- A) сепсис
- B) риemia
- C) рецидив
- D) энтеротоксемия
- E) анемия
- F) эндотермия

16. Зардапты агенттің организмде таралу ерекшеліктеріне байланысты инфекциялық процесстің аталуы:

- A) аутоинфекция
- B) бактерия
- C) бактериемия
- D) гемофилез
- E) сепсис
- F) токсинемия

17. Микроб клеткасындағы антигендер:

- A) әртүрлі
- B) кірпікше
- C) өсінді
- D) жіпшелік
- E) спора
- F) қабықша

18. Иммундық жүйенің шеткі ағзалары:

- A) Қан
- B) Көк бауыр
- C) Лимфа түйіндері
- D) Пейеров түйіндақтары
- E) Айырша без
- F) Сүйек майы
- G) Фабрициев қалтасы

19. Аралас ашудың өнімдері:

- A) кефир
- B) ірімшік
- C) простокваша
- D) ацидофилді сүт
- E) шұбат
- F) қымыз
- G) ацидофилин

20. Ботулизм қоздырушысының морфологиялық қасиеттері:

- A) ұршық тәрізді
- B) теннис ракеткасы тәрізді
- C) капсула түзеді
- D) монотрих
- E) атрих

21. Бруцеллезді балау барысында жиі қолданылатын серологиялық реакциялар:

- A) Комплемент байланыстыру реакциясы
- B) Роз-бенгал сынамаcы
- C) ДНК-зонд
- D) Бейтараптандыру реакциясы
- E) Преципитация реакциясы
- F) Агглютинация реакциясы
- G) Бейтараптау

22. Сібір жарасы қоздырушысының морфологиялық қасиеттері:

- A) Өсінділерінің шеттері кедір-бұдыр
- B) Ірі таяқша
- C) Қозғалғыш
- D) Капсула түзеді
- E) Эндоспора түзеді

23. Сібір жарасы қоздырушысының өсінділік қасиеттері:

- A) қарапайым қоректік орталарда өсе береді
- B) шоғырлары S-пішінді
- C) аэроб
- D) капсула түзбейді
- E) шоғырларының шеттері тегіс емес

24. Желінсау стрептококктері шығаратын токсин:

- A) лейкоцидин
- B) сахароза
- C) гемолиздік токсин
- D) салицин
- E) гемотоксин
- F) эритрогенді токсин
- G) гистотоксин

25. Стафилококк бөліп шығаратын токсин:

- A) гистотоксин
- B) глюкоза
- C) гемотоксин
- D) инсулин
- E) желатин
- F) сахароза
- G) салицин

**Микробиология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Биохимия

1. Жыныс бездерінің гормондары:

- A) окситоцин
- B) тестостерон
- C) соматотропты гормон
- D) фоллилиберин
- E) эстрадиол
- F) соматостатин
- G) пролактин

2. Жыныс бездерінің гормоны:

- A) тироксин
- B) пролактин
- C) эстриол
- D) альдостерон
- E) прогестерон

3. Гипоталамустың гормоны болып табылады:

- A) тиреотропты гормон
- B) меланотропин
- C) тиролиберин
- D) меланолиберин
- E) пролактолиберин

4. Ауыстырылмайтын амин қышқылы:

- A) серин
- B) аспарагин қышқылы
- C) пролин
- D) изолейцин
- E) лизин
- F) глицин

5. Ауыстырылатын амин қышқылдары:

- A) глутамин қышқылы
- B) триптофан
- C) треонин
- D) аспарагин
- E) валин
- F) глицин

6. Ауыстырылатын амин қышқылы:

- A) метионин
- B) пролин
- C) валин
- D) аланин
- E) глутамин

7. Ауыстырылмайтын амин қышқылы:

- A) триптофан
- B) серин
- C) аспарагин қышқылы
- D) глутамин
- E) лизин
- F) тирозин
- G) пролин
- H) фенилаланин

8. Ауыстырылатын амин қышқылы болып табылады:

- A) серин
- B) аспарагин қышқылы
- C) метионин
- D) фенилаланин
- E) тирозин
- F) валин
- G) триптофан
- H) лейцин

9. Белок молекуласының денатурациясына себеп болады:

- A) Гидратациялану
- B) Ферменттер
- C) Ортаның қышқылдық немесе сілтілік рН мәні
- D) Майлы қышқылдар
- E) Температура

10. Ферменттерге тән қасиеттер:

- A) Химиялық энергияның қоры
- B) Осмос қысымын реттейді
- C) Химиялық реакция жылдамдығын тездетеді
- D) Реакция тепе-теңдігін бұзбайды
- E) Реакция тепе-теңдігін бұзады
- F) Реакция ингибиторлары
- G) Жоғары ерекшелікке ие болады

11. К витаминінің антивитаминдері:

- A) Рибитол
- B) Аспарагин қышқылы
- C) Пируват
- D) Тримексан
- E) Дикумарол

12. α - токоферол деп аталады:

- A) Өсіп-өну витамині
- B) К витамині
- C) Рахитке қарсы витамин
- D) С витамині
- E) А витамині
- F) Ретинол

13. Ұйқы безінің гормоны:

- A) Эстрадиол
- B) Липокаин
- C) Инсулин
- D) Кортизол
- E) Норадреналин
- F) Кортикостерон
- G) Адреналин

14. Гликолиз процесінде:

- A) бірінші сатысында фруктозо-6-фосфат түзіледі
- B) сахароза ыдырауына ұшырайды
- C) бірінші сатысында глюкозо-6-фосфат түзіледі
- D) глюкоза ыдырауына ұшырайды
- E) бірінші сатысында фруктозо-1,6-дифосфат түзіледі
- F) фосфогексокиназа қатысады

15. Қаныққан май қышқылдарының тобына жатады:

- A) Пальмитин қышқылы
- B) Линол қышқылы
- C) Фосфор қышқылы
- D) Май қышқылы
- E) Стеарин қышқылы

16. Липидтердің алмасу процесінің кезеңдері:

- A) Ыдырау
- B) Диссимиляция
- C) Түпкі алмасу
- D) Айналысу
- E) Ассимиляция
- F) Меңгеру
- G) Таңдау

17. Аэробты жағдайда өтетін көмірсулардың, майлардың және белоктың ыдырау процесінің соңғы өнімі:

- A) Глюкоза
- B) Аммиак
- C) Моносахаридтер
- D) Глицерин
- E) Жоғары май қышқылдар
- F) Пируват

18. Көмірсулардың метаболизміне әсер етеді:

- A) Инсулин
- B) Кортизол
- C) Окситоцин
- D) Адреналин
- E) Соматотропин
- F) Альдостерон
- G) Вазопрессин

19. Майлардың басқаша атауы:

- A) триацилглицериндер
- B) гликолы
- C) полиолды
- D) триглицеридтер
- E) триацилглицеролды
- F) глицериндер
- G) пропантриолды

20. Ферменттердің кофакторлары түрлері:

- A) Пируват
- B) Ингибиторлар
- C) Фуран
- D) Протеидтер
- E) Простетикалық топтар
- F) Активаторлар
- G) Коферменттер
- H) Протеиндер

21. Гепарин молекуласы құрылады:

- A) Гепарин
- B) Сірке және күкірт қышқылы
- C) Лиол қышқылы
- D) Пропион қышқылы
- E) Азот қышқылы
- F) Рибулоза

22. Көмірсулардың негізгі энергетикалық айналуы болып табылады:

- A) Аэробты ыдырау жолы
- B) Фотосинтез
- C) Үшкарбондық қышқылдың циклі
- D) Гидролиз
- E) Спирттік ашу процесс

23. ДНҚ–ның құрамы:

- A) дезоксирибоза
- B) рибоза
- C) сахароза
- D) урацил
- E) май қышқылы

24. Пиримидиндік негіздер катаболизмінің ферменттері:

- A) цитозиндезаминаза
- B) уратоксидаза
- C) урадезаминаза
- D) дигидроурацил дегидрогеназа
- E) дегидропиримидиназа
- F) гуаниндезаминаза
- G) ксантинооксидаза

25. Пуриндік негіздер алмасуының өнімдері:

- A) Гипсоксантин
- B) Креатинин
- C) Фосфотидттер
- D) Нуклеозидтер
- E) Ксантин
- F) Зәр қышқылы

Биохимия
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Ауыл шаруашылық жануарларын азықтандыру

1. Азық қоректілігі:

- A) Қоректік заттар жиынтығы
- B) Азық қорытылымы
- C) Азықтар жиынтығы
- D) Азық түрі
- E) Азықтың малға жегізілуі

2. Мал азығындағы протеиндік қатынас:

- A) 5 – 6 : 1
- B) 5 – 8 : 1
- C) 8 – 10 : 1
- D) 7– 9 : 1
- E) 7 – 8 : 1
- F) 6 – 8 : 1

3. 1 кг көк азықтың орташа қоректілігі:

- A) 0,25 а.ө
- B) 0,2 а.ө
- C) 0,3 а.ө
- D) 0,15 а.ө
- E) 0,1 а.ө
- F) 0,2 а.ө
- G) 0,05 а.ө

4. Тар протеиндік қатынас:

- A) 1 / 1
- B) 10 / 1
- C) 9 / 1
- D) 6 / 1
- E) 8 / 1

5. 1 кг құрғақ затқа жылқы үшін ауыз судың мөлшері:

- A) 2,0 кг
- B) 3,0 кг
- C) 4,0 кг
- D) 1,5 кг
- E) 1,0 кг

6. Тетіктелген азықтандыру нормасының көрсеткіштер саны:

- A) 10-15
- B) 30-40
- C) 3-4
- D) 1-2
- E) 7-8
- F) 5-6

7. Микроорганизмдердің қатысуымен алынатын азықтар:

- A) Ашытқылар
- B) Жүгері, сұлы, бидай
- C) Пішен мен пішендеме
- D) Мұнай қалдықтарында өсірілетін өнім
- E) Спирттің қалдықтарында өсірілетін өнімдер

8. Шошқалардың қоректік заттарға мұқтаждығы байланысты:

- A) енесінің сүттілігіне
- B) құйрығының ұзындығы
- C) түсіне
- D) жасына
- E) тісіне
- F) бекондық қасиетіне

9. Рацион құрамында шырынды және ірі азықтар аз болып, жем көбейсе:

- A) зат алмасу бұзылады
- B) сүт майлылығы артады
- C) жануарлардың түсі күреңденеді
- D) мінез-құлқы өзгереді
- E) метаболизм қалыпты жүреді
- F) төлдегіштігі артып, егізден туады

10. Сиырлады сүттіту жолдары:

- A) саууды жиілету
- B) өріске жаймау
- C) қосымша азықтандыру
- D) жүнін тарау
- E) жүгірту, моцион жасау
- F) аз мөлшерде азықтандыру
- G) жануарлардың түсіне селекция жүргізу

11. Жас малдың өсуіне қажет:

- A) минералдық заттар
- B) бор
- C) ылғал
- D) газ
- E) витаминдер
- F) су
- G) протеин

12. Күйі төмен ірі қара төлін жетілдіре өсіріп бордақылаудың кезеңдері:

- A) бордақылауға қою
- B) негізгі
- C) бастапқы
- D) төлді азықтандыру
- E) аяқтау
- F) үйрету
- G) алғашқы

13. Сүрлеммен бордақылағанда рационның құрамында болады:

- A) картоп
- B) сүрлем
- C) жұмыртқа
- D) сәбіз
- E) ірі азықтар

14. Саулықтардың қоректік заттарға мұқтаждығы артатын кезеңі:

- A) қоздағаннан кейінгі
- B) күйек кезеңі тоқтағаннан кейінгі
- C) қозы емізіп жүрген кезеңі
- D) бордақылауға дейінгі кезең
- E) буаз кезі

15. Айғырларға шағылыстыру кезеңінің алдында және шағылыстыру кезінде негізгі рационға келесі жануартектес азықтар қосады:

- A) ет-сүйек немесе қан ұны
- B) бауыр
- C) өкпе
- D) жүрек
- E) қаймақ
- F) сүт, көк сүт
- G) жұмыртқа

16. Жұмыс аттарын азықтандыруда ескеріледі:

- A) салмағы
- B) тасымалдау жол қашықтығы
- C) құлынының жынысы
- D) сауын мөлшері
- E) сауу кезеңі
- F) буаздығы

17. Құстарға берілетін құрама жемнің түрлері:

- A) үгінді
- B) ылғалды
- C) үгінді және түйіршіктелген
- D) түйіршіктелген
- E) аралас
- F) жасанды
- G) құрғақ

18. Суда жүзетін құстардың рационында болатын су өсімдіктері:

- A) злодея
- B) сүттіген
- C) қияқ
- D) мүйіз-жапырақ
- E) судан
- F) қоға

19. Азықтандырудың аралас түрі қолданғанда балапандарды алғашқы күндері мына азықтармен азықтандырады:

- A) бидаймен
- B) сүрлеммен
- C) көк шөппен
- D) қатты пісірілген жұмыртқамен
- E) жаңа өндірілген жоңышқамен

20. Қорытылу коэффициентін есептеуге қажетті көрсеткіштер:

- A) Азық қалдықтарының химиялық құрамы
- B) Дене өлшемдері мен өсіп жетілуі
- C) Желінген азық мөлшері
- D) Қимен бөлінген мөлшері
- E) Сүттілігі мен құрамы
- F) Демалыс жиілігі мен өкпе ауқымы

21. Сүрлеммен бордақылағанда минералдық қоспалар ретінде беріледі:

- A) А дәрумені
- B) аммоний қышқылы
- C) трикальцийлі фосфат
- D) ас тұзы
- E) фтордан тазартылған фосфат

22. Жас жылқы малының жасына байланысты келесі элементтерге қажеттілігі:

- A) каротинге қажеттілігі артады
- B) минералды заттарға қажеттілігі артады
- C) протеинге қажеттілігі азаяды
- D) Д дәруменіне қажеттілігі азаяды
- E) протеинге қажеттілігі артады
- F) минералды заттарға қажеттілігі азаяды

23. Табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты жылқы азықтандырудың негізгі типтері:

- A) сұлы азықтары бар пішенді-сабанды-жемді тип
- B) жоңышқалы тип
- C) суданды тип
- D) қонақ жүгері-еркекшөпті тип
- E) сұлы азықтары бар пішенді-жемді тип
- F) жайылымды-пішенді тип

24. Тауықты азықтандыру түрлері:

- A) дымқыл қоспалы азықтармен азықтандыру
- B) құрғақ құрама жеммен азықтандыру
- C) пішенді-пішендемелі азықтандыру
- D) жусанды-жоңышқалы азықтандыру
- E) жом-бардалы қоспамен азықтандыру
- F) тұзды-тұзсыз азықтандыру
- G) сүрлемді азықтандыру

25. Табиғатының ерекшеліктеріне қарай шошқа өсіруде азықтандырудың негізгі түрі:

- A) жемді
- B) судан-сүрлемді
- C) жемді-тамыртүйнек жемісті
- D) жоңышқа-жусанды
- E) жоңышқа-сәбізді
- F) жоңышқа-жемісті
- G) лизинді-метионинді

**Ауыл шаруашылық жануарларын азықтандыру
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Ауыл шаруашылық жануарларын іріктеу және өсіру

1. Ғалымдардың зерттеуінше жылқылардың түрге бөлінуі:

- A) эфиоптық
- B) үнділік
- C) қазақы
- D) андылық
- E) шөлдік

2. Қойлардың жабайы ата-тегі және туыстастары:

- A) арқар
- B) гуанако
- C) аноа
- D) аргали
- E) меркуль
- F) қашыр
- G) муфлон

3. Малдардың шығу тегін ғылыми негіздеген ғалымдар:

- A) В.Т. Лобанов
- B) А.П. Зеленков
- C) Н. Пржевальский
- D) Н.А. Кравченко
- E) Н.М. Костомахин

4. Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясының негізгі принциптері:

- A) толық жетілу
- B) кездейсоқтық
- C) өзгергіштік
- D) жыныстық жетілу
- E) төлдің қалыптасуы
- F) ұрықтық

5. Ірі қара малдың жабайы ата-тегі және туыстастары:

- A) енеке, альпака,тур
- B) гаур, муфлон, гаял
- C) тур, зубр, енеке
- D) бантенг, лама, арни
- E) қодас, гаял, бизон
- F) бантенг, гаур, зебу
- G) викунья, бизон,зубр

6. Жануарларды қолға үйретудің негізгі орталықтары:

- A) қытайлық кіші, үнділік
- B) африкандық, андылық
- C) африкандық, таяу-шығыс
- D) американдық, австралиялық
- E) европалық, үнділік
- F) жерорта теңізінің жағалауы, оңтүстік-батыс азия

7. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында малдың шығу тегі және оларды қолға үйрету еңбектерін жазған орыс зерттеушілері:

- A) М.Ф. Иванов
- B) С.Н. Боголюбский
- C) А. Шмит
- D) Ф.М. Мұхамедқалиев
- E) Н.А. Кравчено

8. Конституция дегеніміз:

- A) ағзаның белгілер мен қасиеттерінің біртұтас жиынтығы
- B) ағзаның морфофизиологиялық белгілерінің жиынтығы
- C) ағзаның физиологиялық белгілерінің жиынтығы
- D) ағзаның морфологиялық белгілерінің жиынтығы
- E) дене бітімінің ерекшеліктері
- F) дене бөліктерінің құрылысы

9. Сұрыптаудың негізгі әдістері:

- A) дене бітімі мен сыртқы пішіні бойынша
- B) гибридтеу
- C) ата-тегіне қарай
- D) аутбрединг
- E) доместикация
- F) инбрединг
- G) сіңіре будандастыру

10. Аталық із өкілдерінің шежіресі арқылы анықталады:

- A) Аталық із тармағының аз – көптігін білу
- B) Аталық із өкілдерінің басқа аталық іздермен үйлесімділігі
- C) Аталық із желісі
- D) Инбридинг дәрежесі
- E) Беяна
- F) Генетикалық ұқсастық дәрежесі
- G) Аталық із ерекше қасиеттері

11. Жануарлардың шаруашылыққа пайдалы белгілеріне әсері зор өсу кезеңдері:

- A) Интерьерлік
- B) Митоздық
- C) Эмбрионалдық
- D) Постэмбрионалдық
- E) Эмбрионалдық және постэмбрионалдық
- F) Ұрықтық
- G) Эксьтерьерлік

12. Бұдандастыру мақсаты мен нәтижесіне қарай бөлінеді:

- A) қозғаушы
- B) зауыттық
- C) сіңіре
- D) табиғи
- E) дезруптивті
- F) өндірістік

13. Шағылыстыруға белгіленген ата-енелерден жұп таңдау түрлері:

- A) Сіңіре будандастыру
- B) Топтап жұп таңдау
- C) Заводтық будандастыру
- D) Жекелік-топтық жұп таңдау
- E) Жұп таңдаудың екі түрінде сұрыптау

14. Жануарлардың инфантильді ерекшеліктері:

- A) денесі қысқа, басы үлкен
- B) басы үлкен, денесі ұзын
- C) жыныстық ағзаларының ерте дамуы
- D) аяғы биік, денесі қысқа
- E) денесінің тереңдігі мен енінің дамымауы

15. Жануарлардың неотениясына тән ерекшеліктер:

- A) аяғы қысқа,терісі жұқа
- B) басы үлкен, денесі ұзын
- C) құйрығы еңсіз,басы кішкентай
- D) жыныстық ағзаларының ерте дамуы
- E) тереңдігі мен енінің дамымауы
- F) салмағы төмен,құйығы төмен

16. Сұрыптаудың тиімділігіне әсер ететін факторлар:

- A) тұқым бергіштігі және тұқымның тез ауысуы
- B) кездейсоқтық, дизруптивтік
- C) генотипі бойынша, технология
- D) жыныстық жетілу, инбридинг
- E) технологиялық, жанама
- F) тұрақтандыратын, мінез-құлқы

17. Сиырдың сүт өнімділігін бағалаудағы негізгі көрсеткіштері:

- A) бақылау сауынын өткізу
- B) сүттің құрамында құрғақ затты есептеу
- C) ұшпалы май қышқылдарының мөлшері
- D) тіршілігінде сауылған сүтті есептеу
- E) сауылым мерзімінде сауылған сүтті есептеу

18. Сүттің негізгі сапалық көрсеткіштері:

- A) қорытылатын протеин
- B) құрамындағы құрғақ зат
- C) майлылығы
- D) құрамында ақуыздың болуы
- E) ұшпалы май қышқылдары

19. Жұмыртқалағыш тауықтардың сұрыпталатын ең басты белгілері:

- A) жұмыртқалағыштығы
- B) жалпы жұмыртқа салмағының шығуы
- C) тірі салмағы
- D) жұмыртқа сапасы
- E) бір жұмыртқа салмағы

20. Аттарды жұмыс өнімділігінің бағытына байланысты сынаудың әдістері:

- A) күш жұмсауы
- B) жүкті жылдам жеткізуін
- C) сүт өнімділігі
- D) аттың қуаттылығы
- E) сақа құстың сақталуы
- F) ең жоғары жүк көтеруін

21. Селекциялық-генетикалық параметрлер:

- A) орташа коэффициенті
- B) ылғалдылық коэффициенті
- C) өзгергіштік коэффициенті
- D) температура коэффициенті
- E) еттілік коэффициенті
- F) генотипі бойынша, технология
- G) тұқым қуалаушылық коэффициенті

22. Ч.Дарвин бойынша сұрыптау бөлінеді:

- A) табиғи сұрыптау
- B) өндірістің сұрыптау
- C) қолдан сұрыптау
- D) зауыттық сұрыптау
- E) будандастыру
- F) тандемді сұрыптау
- G) сіңіре сұрыптау

23. Аталық із желісі деп:

- A) аса көрнекті аталықтың өнімділігін көрсететін құжаты
- B) жаңа аталық із
- C) әрбір атадан тараған аталық тұқым малдың құжаты
- D) бір атадан тараған аталық тұқым малдың құжаты
- E) аналық ұяға тән белгілі бір қасиеттің байқалуы
- F) аналық ұяға тән әртүрлі қасиеттің байқалуы
- G) аталықтың әртүрлі қасиетінің байқалуы

24. Қан араластыра будандастыру әдісі жемісті болу үшін қажет:

- A) Жақсартқыш тұқым өзінің өнімділік қасиетінің негізгі бағыты жағынан жергілікті тұқымға жақын болуы
- B) Будандарды әр уақыт сұрыптап, олардан үйлесімді жұп құрау
- C) Бастапқы мал санының көп болуы
- D) Алынған будандардың сапасына мән бермеу
- E) Жақсартқыш тұқымды дұрыс таңдамау
- F) Алынған будандардың нәзік қасиеттерін қалыптастыру

25. Селекцияда инбридингті көбірек қолданған ғалымдар:

A) С.Ш. Омарханов

B) Р. Бэквелл

C) А.Х. Орлов

D) В.П. Башкатов

E) Т.К. Есенеев

F) С.Т. Шегенов

**Ауыл шаруашылық жануарларын іріктеу және өсіру
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**